

ЦИТАТА ДНЯ

Сауат МЫНБАЕВ,
ПРЕДСЕДАТЕЛЬ ПРАВЛЕНИЯ
АО «НК «ҚТЖ»:

« ПЕРСПЕКТИВНЫМ ВЕКТОРОМ РАЗВИТИЯ ТРАНСЕВРАЗИЙСКИХ ПЕРЕВОЗОК ЯВЛЯЕТСЯ ФОРМИРОВАНИЕ МАРШРУТОВ ЧЕРЕЗ КАЗАХСТАНСКИЕ МОРСКИЕ ПОРТЫ, ПО ТРАНСКАСПИЙСКОМУ МЕЖДУНАРОДНОМУ ТРАНСПОРТНОМУ МАРШРУТУ В НАПРАВЛЕНИИ КАВКАЗА, СТРАН ПЕРСИДСКОГО ЗАЛИВА И ТУРЦИИ, ЧТО ОБЕСПЕЧИВАЕТ КЛИЕНТАМ, КОТОРЫЕ ВЫБРАЛИ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫЙ ТРАНСПОРТ, РАЗЛИЧНЫЕ АЛЬТЕРНАТИВНЫЕ ВАРИАНТЫ МАРШРУТОВ ПЕРЕВОЗКИ »

ТРАНЗИТ

500 ТЫСЯЧ КОНТЕЙНЕРОВ ЧЕРЕЗ КАЗАХСТАН

С начала года между Китаем и Европой на транзитных сервисах совместного предприятия железных дорог Казахстана, России и Беларуси – АО «ОТЛК ЕРА» – перевезено свыше 500 тысяч ДФЭ.

Рост объемов контейнерных перевозок по маршруту Китай – Европа – Китай обусловлен надежностью, стабильностью и конкурентоспособностью, которые стальная магистраль обеспечила во время пандемии. Многие компании с мировым именем приняли решение о переводе части грузопотока на железную дорогу для доставки своих товаров как из Европы, так и из Китая.

– 2020 год наглядно продемонстрировал основные преимущества железной дороги по сравнению с другими видами транспорта. Сегодня, несмотря на все сложности пандемии, складывается благоприятная конъюнктура для повышения конкурентоспособности стран ЕАЭС на рынке железнодорожных контейнерных перевозок и, соответственно, для обеспечения транспортной отрасли стран-участников заказами на длительную перспективу, – отметил генеральный директор АО «ОТЛК ЕРА» Алексей Гром.

Он уверен, что сейчас, когда объемы перевозок на железнодорожном транзите выходят на новый уровень, крайне важно не только удерживать позитивную динамику роста, но и создать хороший запас прочности пропускной способности колес 1520 для последующего развития.

– Мы рады, что никакие внешние факторы не ослабляют общую сфокусированность участников «транзитного проекта» на целях дальнейшего роста объемов перевозок. Наши стратегические планы и намерения ориентированы на достижение цели по обеспечению перевозки миллиона контейнеров в год на нашем маршруте, и мы будем продолжать работать с нашими партнерами, чтобы достичь этой цели раньше назначенного 2025 года, – комментирует глава ОТЛК ЕРА.

Любовь РОВБА

ЦИФРА НОМЕРА

БОЛЕЕ

1 200

ОПАСНЫХ ОСТРОДЕФЕКТНЫХ РЕЛЬСОВ ОБНАРУЖЕНО МОБИЛЬНЫМИ ДИАГНОСТИЧЕСКИМИ КОМПЛЕКСАМИ ЗА 10 МЕСЯЦЕВ ТЕКУЩЕГО ГОДА

К 90-ЛЕТИЮ ТУРКСИБА



ЛЕГЕНДАРНОЙ СТРОЙКЕ БЕЗ ДЕСЯТИ СТО

Международная онлайн-конференция, организованная в прямом эфире АО «НК «ҚТЖ» и посвященная 90-летию юбилею легендарного Турксиба, собрала 10 декабря 2020 года участников и зрителей из разных уголков мира. В мероприятии приняли участие руководство АО «НК «ҚТЖ» и железнодорожных администраций стран-партнеров, представители отраслевых ассоциаций, научно-исследовательских институтов транспорта, ветераны отрасли.

Асель ШАЙХЫНОВА

2020 год на железной дороге Казахстана проходит под лозунгом «Турксибу-90», с акцентом на высокую значимость Туркестано-Сибирской магистрали в развитии независимого Казахстана и железнодорожной отрасли.

В преддверии Дня независимости Республики Казахстан в ходе конференции подвели итоги мероприятий, посвященных этой дате, которые проведены в течение текущего года. Отдельно отмечена роль и значение Турксиба, начиная с истории его героического строительства и заканчивая настоящим и будущим в части эксплуатации, модернизации и перспектив развития.

– Прошло уже 90 лет, но Турксиб и сегодня продолжает успешно работать на экономик не только Казахстана, но и всех республик Центральной Азии, соединяя их в единый Шелковый путь – от Китая, через Россию, Центральную Азию, страны Ближнего Востока, и до Европы, – отметил министр индустрии

и инфраструктурного развития РК Бейбут Атамкулов в видео-обращении к участникам конференции.

Высокую значимость Туркестано-Сибирской магистрали в развитии экономики независимого Казахстана отметил председатель правления АО «НК «ҚТЖ» Сауат Мынбаев.

– Мы все помним, что Турксиб – великая стройка XX века, ставшая важной вехой в истории становления стальной магистрали Казахстана. Так, новая история стальной магистрали стала достойным продолжением Турксиба. За годы независимости в Казахстане построены новые железные дороги протяженностью 2,5 тысячи километров. Они обеспечили не только внутренние коммуникации между регионами, но и увеличили экспортный и транзитный потенциал Казахстана, – подчеркнул он.

Во время выступления спикер также отметил, что у истоков рождения Турксиба стояла целая плеяда талантливых организаторов и руководителей железнодорожного транспорта. Символично дал старт официальной ча-

сти конференции ударом в колокол первый заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Канат Альмағамбетов.

– Именно Туксид сформировал класс строителей и железнодорожников из национальных кадров. Среди турксибцев десять Героев Советского Союза, одиннадцать Героев Социалистического Труда, три полных кавалера Ордена Славы, тысячи награжденных орденами и медалями. Имена Турара Рыскулова, Мухамеджана Тынышпаева, Ахмеджана Маженова и многих других «золотыми» буквами вписаны в летопись строительства легендарной железной дороги, – отметил в своем выступлении Канат Альмағамбетов.

В свою очередь заслуженный ветеран железнодорожной отрасли Кантай Самбетов назвал Турксиб «рекордом, достойным Книги Гиннеса». Он рассказал о строительстве Турксиба и людях, его строивших, внесших большую лепту в историю не только Казахстана, но и других стран бывшего Советского Союза.

Окончание на 3 стр.
Фото Александра ЖАБЧУКА

ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

МЕЖЕЛІ ЖҰМЫС МӘРЕГЕ ЖЕТТІ

Пандемия індетінің салдарынан биылғы жыл елдері үшін тар жол, тайғақ кешу жылы болды. Бірақ, осындай қысылтаяң шақта да тоқтаусыз жұмыс істеп, тіршілік тамырына қан жүгірткен темір жол саласы жұмысын тоқтатқан жоқ.

Сұлугүл БАКЕСОВА

Тоқтату былай тұрсын, теміржолшылар пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қатар, межелеген жоспарлы жол жөндеу жұмыстарын да мерзімінде орындап шықты. Жыл басында ондірістік бағдарлама шеңберінде биыл ел теміржолының 416,16 шақырымнан күрделі жөндеуден өткізіліп, жаңарту жоспарланған болатын.

Елде індеттің қарқынды таралуымен жоспарланған жұмыстың

ырағы бұзыла ма деген уайым да болмады емес теміржолшыларда. Алайда, жолшаруашылығының майталмандары індеттен қорғандық барлық талап-шарттарын сақтай отырып, межелі жұмысты жоспарға сай қолға алып, мерзімінде бітірді. Мердігерлік тәсілмен 346 шақырымнан астам жол күрделі жөндеуден өтсе, қалған жолкөлемін, яғни 70,1 км жолды Ақадыр ПЧМ мекемесі жауапкершілігіне алып, шаруашылық тәсілмен жүргізді. Атап өтерлігі, шаруашылық тәсілмен және мердігерлік тәсілмен

жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстары арнайы дайындалған жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес орындалған. Айталық, біріншісінде, SMD-80 техникасын бааласты тазалап әрі толықтыра отырып шпалды ауыстыруға, ал RM-80, ХДВ, ЭЛБ, ВПО-3000, Duomatic, DGS, PBR машиналар кешенін рельстердің орнын түйсіспез рельс иіндерімен алмастыруға қолданыпты. Екінші тәсіл бойынша рельстер, шпалдар, балластарды тұтастай алмастыру барысында УК25/9-18 кранын және ХДВ,

ЭЛБ, ВПО-3000, Duomatic, DGS, PBR машиналар кешенін пайдалану арқылы жөндеу жұмысы жүргізіліпті. Ал пойыздың жайлы жүрісін қамтамасыз ету үшін ПРСМ рельсдәнекерлеу машинасын пайдалана отырып, блок учаскеге дейін түйсіспез рельс иіндерін дәнекерлеу шаруалары атқарылған. Күрделі жөндеу жұмыстары барысында қолданылған материалдардың басым бөлігі өз елімізде шығарылған отандық өнімдер, айталық, жол салуда негізгі материал санатындағы рельстер Ақтөбе рельсарқалық зауытының өнімдері болып табылады.

Ала жаздай, қоңыр күзге дейін жалғасқан жолжөндеу жұмыстары мәресіне жетіп, нәтижесінде күрделі жөндеу жүргізілген теміржол телімдерінде жолаушы және жүк пойыздарының қозғалыс қауіпсіздігінің артуымен қатар, теміржол көліктерінің жүріс жылдамдығы да ұлғая түспек.

ИТОГИ

УВЕЛИЧЕНИЕ ОБЪЕМОВ ПРОДОЛЖАЕТСЯ

По итогам ноября в Костанайском отделении грузовых перевозок план погрузки выполнен на 103,6%.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

По словам заместителя директора Костанайского отделения ГП по логистике Ердена Аманова, на ноябрь отделению был задан технический план погрузки 39 тысяч вагонов (2 млн 580 тыс. тонн) при отгрузке в среднем в сутки 1 300 вагонов (86 тыс. тонн). В результате, по итогам минувшего месяца,

погружено 40 123 вагона (2 млн 672 тыс. тонн), или 103,6% к плану. Сверх плана костанайскими железнодорожниками погружено 92 тысячи тонн. В среднем в сутки на станциях Костанайского отделения ГП грузили по 1 337 вагонов (89 тыс. тонн). К факту прошлого года погрузка увеличена на 274 тысячи тонн, или на 11%.

Наибольших успехов в Костанайском отделении достигли при

отгрузке следующих основных номенклатур: руда цветная – при плане погрузки на месяц 7 006 вагонов (483,6 тыс. тонн) погружено 9 367 вагонов (647,2 тыс. тонн) – на 163,6 тысячи тонн выше плана. А к факту прошлого года погрузка увеличена на 78 тысяч тонн. Строительные грузы – при плане погрузки на месяц 586 вагонов (30 тыс. тонн) погружено 1 194 вагона (72,6 тыс. тонн). Свыше пла-



на отгружено 42,6 тысячи тонн. К факту прошлого года погрузка увеличена на 45 тысяч тонн. – В отгрузке продуктов перемолы мы также добились успехов. При плане на месяц 1 770 вагонов (117,5 тыс. тонн) погружено

2 616 вагонов (173,5 тыс. тонн), – говорит Ердена Аманов. – Погружено свыше плана 56,1 тысячи тонн. К факту прошлого года погрузка увеличена на 54 тысячи тонн.

Фото автора

АҚПАРАТ

«ЖЫЛ ВОЛОНТЕРІ-2020» ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

Биыл Қазақстанда Мемлекет басшысының ұсынысымен жарияланған Еріктілер жылы мәреге жетуге жақын. 5 желтоқсан – Халықаралық еріктілер күніне орай жер-жерде қайырымдылықты ту еткен жандардың еңбегін елеп, марапаттау бастау алды. Күні кеше Samruk-Kazyna Trust жыл бойы еріктілер арасында өткен конкурс қорытындысын шығарды. Онда жүлделі орындарды «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының еріктілері иемденгені хабарлаған болатынбыз.



Бұл үрдіс аймақтарда да жалғасын табууда. Еріктілер жылының ресми жабылуына орай күні кеше Ақтөбе қаласында «Жыл волонтері – 2020» сыйлығын табыстау рәсімі өтті. Үздік волонтерлердің алғы шебінде әрине, теміржолшылар да бар.

Теміржолшылар қиын-қыстау сәтте мұқтаж отбасыларға көмек көрсетіп, қарттар мен көпбалалы аналарға жан-жақты қолдау білдіріп жүр. Әсіресе, олардың белсенділігі коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты енгізілген төтенше жағдай кезінде ерекше байқалды. «Біз біргеміз», «Мақтаралға көмек», «Жеңіске – 75 жыл» акцияларының бел ортасында жүрген теміржолшылар жастар әлеуметтік әлсіз отбасыларға азық-түлік жеткізу, медициналық маскалар таратумен қатар, соңғы уақытта қоғамдық тәртіпті сақтау шараларына да қатысып жүр. Жергілікті әкімдік және полиция қызметкерлерімен теміржолшылар арасында бірлескен жұмыстар әлі күнге жалғасуда. Құқық қорғау бағытындағы қоғамдық құрылымдар желісін кеңейтіп және халықты құқықтық тәртіпті қорғауға тарту мақсатында, «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Вагон Сервис» ЖШС, Ақтөбе жүк тасымалы және Магистральдық желі бөлімшелері, Көлік және коммуникация колледжі еңбек ұжымдары арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған.

Қоғамдық жұмысқа белсенді араласқан теміржолшылар еңбегін облыс әкімі мен өңірдің бас полиция ерекше атап өтіп, белсенді азаматтық ұстанымдары және ішкі істер органдарына қоғамдық тәртіпті қорғау және қамтамасыз ету ісіне көмек көрсеткені үшін алғысын білдірді. «Жұмыстан тыс уақыт тауып, волонтерлікпен айналысқан теміржолшылар Отанға қызмет етудің озық үлгісін көрсетті. Қайырым мен мейірімнің қаншалықты маңызды екенін ұғындырды», – деді облыс әкімі.

«Үш айдан бері полиция қызметкерлерімен бірге қоғамдық қауіпсіздікті бақылау жұмыстарына қатысамыз. Кешкілік сағат 19:00-ден бастап түнгі 11:00-ге дейін теміржол аймағында қауіпсіздікті бақылап, патрульдік жұмысқа шығамыз. Қоғамдық тәртіпті қорғауға және ішкі істер органдарына құқық бұзушылықтардың алдын алуға жәрдемдесуге дайынбыз», – дейді Ақтөбе станциясының инженері Тимур Хожаяв. Марапатталғандар қатарында сонымен қатар ақтөбелік жас теміржолшылар Қуанышбай Ермаханов, Дәулет Мырзаділовтер бар. Ардақ ЕРҮБАЕВА, Ақтөбе Суреттің түсірген автор

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАҢА ВОКЗАЛ САЛЫНАДЫ

Шымкент қаласының шетінде жаңа теміржол вокзалы салынады. Бұл туралы қала әкімі М.Әйтемов мәлім етті. Оның айтуынша, бұл мақсатта қазір тендер өткізіліп жатыр.

«Биыл теміржол вокзалын «ҚТЖ»-дан қабылдап алдық. Десе де, бұл вокзал халқының саны өсіп бара жатқан Шымкентке лайық емес. Сол үшін ҚТЖ-да арнайы жобалық-сметалық құжат жасалды. Оның күрделі жөндеуі мен көркеюіне 6,2 млрд теңге қажет. Біз қазір жоспар құрып отырмыз. Қала жоспары бойынша шаһардың солтүстік бағытына заманға сай жаңа теміржол вокзалы салынуы керек. Сөйтіп, теміржолды қаладан шығарып, Бозарық елді мекені жағынан жаңа нысан бой көтеруге тиіс», – деді әкім.

Осы мақсатта өткізіліп жатқан тендер аяқталып, құрмалас айқындалуы керек. Сондықтан қазіргі вокзалға күрделі жөндеу жүргізудің орнына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген. Алдағы жарты жылда нақты шешім қабылданады. Жалпы, еліміздегі миллион халқы бар мегаполистің бәрінде екі вокзал бар. Сондықтан халық тығыз орналасқан оңтүстіктің бас қаласына да екі вокзал артық болмасы анық.

Ұлан ОРАЗ

ӨТКЕЛ ТАЛАПҚА САЙ БОЛСЫН

Жамбыл облысы аумағында автомобиль жолдарымен қиылысатын 84 теміржол өткелі бар. Оның ішінде 57 реттелетін және 27 реттелмейтін өткелге жатады.

Жуырда тәртіп сақшыларының теміржол өткелдерін тексеру барысында олардың жай-күйінен 210 түрлі ақау мен сәйкессіздік анықталған. Бұл кемшіліктерді жою үшін теміржол өткелдеріне қызмет көрсететін ұйымдар басшыларына 76 нұсқаулық жолданған.

Теміржол өткелі – қауіпті жер, сондықтан ол барлық талапқа сай болып, арнайы жол белгілерімен жабықталуы керек. Теміржолды кесіп өту тек белгіленген жерлерде ғана қолжетімді. Өкінішке орай, көптеген автокөлік жүргізушілері бос жолды көріп, теміржол өткелінен өту ережелерін қасақана бұзып жатады. Бұл ережені елемегендерге 27 780 теңге, яғни 10 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады. Жыл басынан бері облыста 119 адам теміржол өткелдерінен өту ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Темір жолдарды кесіп өту ережелерін сақтамағаны үшін айыппұл санкцияларын қолдану жолдардағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған.

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ

ІС-ШАРАЛАР НӘТИЖЕСІЗ ЕМЕС

Семей магистральдық желі бөлімшесі бойынша діни экстремизм мен террорлық қауіптіліктің алды алуға жыл бойы бірқатар шаралар жүргізілді. Әр тоқсанға бөлініп, белгіленген жұмыстардың бір парасы профилактикалық іс-шараларды қамтиды.

Бұл орайда теміржолшыларға қаладағы дін мәселелерін зерттеу орталығының теологтары көмекке келген. Діни экстремизм мен лакестіктің алдын алу, сондай-ақ, теміржолшылар арасындағы жас буынның деструктивті діни ағымдар ықпалында кетуінен сақтандыру мақсатында желі бойындағы барлық мекемелерді қоса алғанда жалпы саны 7 іс-шара өткізіліпті. Оның екеуі онлайн режимінде жүргізілген. Әсіресе, Семей, Жаңа-Семей, Шар, Жаңғызтөбе, Аягөз сынды жолаушылар нөпірі аса көп теміржол вокзалдарының басшылары мен қызметкерлері және Семей әскерлендірілген теміржол күзеті сарбаздары арасындағы түсіндіру, ақпараттандыру, алдын алу жұмыстарына айрықша басымдық берілген.

«Сақтықта қорлық жоқ» деген, теміржол бекеттеріндегі келімді-кетімді жолаушылар арасынан сырт келбеті деструктивті діни ағым өкілдеріне ұқсайтын 6 азамат тоқтатылып, тексеру жұмыстары жүргізіліпті. Бір тәуір, кейіннен анықталғандай, олардың ешбірі радикалды ұстанымда емес екен.

Айта кетерлігі, жыл соңына дейін діни экстремизм мен радикализм профилактикасына байланысты тағы екі мәрте онлайн кездесу өткізілді. Бұл жолы бөлімшедегі ҰЧ-18 және ШЧ-29 мекемесінің теміржолшыларына теологтар дәстүрлі дін мен деструктивті ағымдар сипаты жайында дәріс оқымақ.

– Аймағмыздағы ахуал қалыпты. Сондықтан болар, діни алауыздық, заңсыз миссионерлік тәрізді келенсіз оқиғалар бөлімше көлемінде, жалпы теміржолшылар арасында жыл бойында көрініс берген жоқ. Бұл, сөз жоқ, атқарылып жатқан іс-шаралардың нәтижесі деп білеміз, – дейді НЖС-6 бөлімшесі бойынша антигтеррорлық қорғаныс бөлімінің инженер-технологы Еркін Спанов. Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

ТАСЫМАЛ ҮДЕРІСІНДЕ АДАМ ФАКТОРЫ ЖОҚ

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС – Ақтөбе бөлімшесінде теміржол келігіндегі сыбайлас жемқорлық төуекелдерін жою, болдырмау мәселелерін талқылаған кездесу өтті. Қоғам дерті боп тұрған өзекті тақырыпқа арналған шараға барлық теміржол мекемелерінің басшылары мен агенттік өкілдері қатысты.

Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе

Ақтөбе жүк тасымалы бөлімшесінің бастығы Бөріхан Беркімбаев қауіпсіздікті жоғары қоятын теміржолшылар жемқорлық көріністерінің алдын алу жұмыстарына қатысты шараларды тұрақты өткізіп, түрлі шаралар қабылдап жатқанын жеткізді. Қазіргі уақытта бөлімше орталығында мекеме басшылары қабылдау жүргізетін «ашық терезе» кабинеті бар. Онда басшылық құрам арнайы тәртіптен қабылдаулар өткізіп, теміржолшылар мен қала тұрғындарының ұсыныстары мен өтініштерін тыңдайды. Салалық қызметте жұмысқа қабылдау, жүк жөнелтуші клиенттермен «бармақ басты, көз қысты» әрекеттерді болдырмаудың алды алынған. Тасымал процесстердің ашықтығын қамтамасыз ету үшін құжат рәсімдеу жұмыстарының



толықтай электронды нұсқаға ауысуы компания жұмысына оң өзгерістер әкелгені айтылды.

«Ақтөбе бөлімшесі бойынша 2020 жылдың 11 айында тасымал қызметінде 299 862 құжат рәсімделген.

Оның тоқсан пайыздан астамы электронды нұсқада жасалды. Бұл жерде тұтынушылар станцияға келмей, жүк жөнелту құжатын үйінде отырып рәсімдейді. Яғни, адам фактор мүлде болмайды. Құжатты электрон-

БАЙҚАУ

Өз мамандығын жақсы меңгерген бір топ маңғыстаулық вагон қараушылар «Кәсібі бойынша үздік» он-лайн-конкурсында бақ сынасқан болатын. Вагон қараушылардың біліктілігі мен шеберлігін сынға салған сынақты бақылаушылар жігіттердің шеберлігі мен білім-білігінен риза болысты.



ШЕБЕРЛІКТІ СЫНҒА САЛҒАН СЫНАҚ

Дегенмен, «жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» демекші, өзге әріптестерінен оқ бойы озып шығып, айқын басымдылыққа ие болған Сай-Өтес вагондарға техникалық қызмет көрсету пунктінде вагон қараушысы Рысбек Төлепбергенов жетіні ешкім болмады. Ол үш кезеңнен тұрған жарыстың үшеуінен де сүрінбей өтті. Бірінші кезеңде онлайн дауыс беру арқылы жарысқа қатысушылар анықталды, екіншісінде – өз мамандығына байланысты бейнеролик түсіру, соңғы кезеңде – бейнебайланыс арқылы билет алып, сұрақтарға жауап беру. Бірінші кезең бойынша Маңғыстау вагон пайдалану депосы жұмысшыларының ішінен Poll For All бағдарламасы арқылы жарысқа қатысушылар іріктелді. Олар: Бейнеу станциясы техникалық қызмет көрсету пункті (ТҚКП) бойынша вагон қараушы О.Сұлтанов, А.Андаев, Сай-Өтес станциясы ТҚКП вагон қараушы Р.Төлепбергенов, Э.Дауқараев, Маңғыстау станциясы ТҚКП-нен вагон қараушы Т.Сапарбаев, Б.Дүйсембаев, Өзен станциясы ТҚКП-нен Т.Тұрсынғалиев, Т.Сегізбаев, Болашақ станциясынан вагон қараушы А.Орсаев.

Екінші кезеңге өткен вагоншылар өз мамандығы бойынша бейнеролик түсіріп, WhatsApp, Telegram, т.б. әлеуметтік желі арқылы материалдарды жіберген болатын. Олар «Жолаушы вагондарын техникалық қызмет көрсету тәртібі», «Автотіркегіш ақаулықтары мен шаблон салуды көрсету», «Вагондарға 12-позиция арқылы техникалық күтім жасау тәртібі», «№873 шаблонны мен логик-колибрілі салып көрсету тәртібі», «Жұмыс алды және техникалық қызмет көрсету барысында еңбек қорғау тәртібі» тақырыптарына өз материалдарын дайындап ұсынды.

Байқаудың үшінші кезеңі толықтай WhatsApp желісінде өтті. Комиссия мүше-

лері қатысушыларға WhatsApp арқылы бейнеқоңырау шалып, билет таңдатып, 5 сұрақтан қойды. Жарыс қорытындысында сұрақтарға аспай-саспай дұрыс һәм тиянақты жауап беріп, өзге тапсырмаларда да көптің көңілінен шыққан үш вагон қараушы жеңімпаз атанды. Бірінші Сай-Өтестен вагон қараушы-жөндеуші Р.Төлепбергенов 35,1 балл алса, екінші орынға 27,5 балл жинаған Маңғыстау станциясынан вагон қараушы-жөндеуші Б.Дүйсембаев лайық деп табылды. Үшінші орын болса, бейнеулік вагон қараушы-жөндеуші О.Сұлтановқа бұйырды. Жеңімпаздар ұйымдастырушылар тарапынан диплом мен ақшалай сыйлықпен марапатталды.

– Рысбек Төлепбергеновтің жұмысқа деген ынта-жігері мол, өз міндетін жүрдім-бардым емес, ықыласпен атқаратыны көңілден шығады. Өзі отыздан енді асқан болса да жинаған жеткірбесі мен біліктілігі жақсы. Білгенін өзгелермен үнемі бөлісіп жүреді. Жаман қырын көрген емеспіз. Қашанда әріптестерімен жақсы қарым-қатынаста. Жұмысқа 2008 жылы вагон жөндеуші болып орналасқан. 2009 жылдан осы жылға дейін вагон қараушы-жөндеуші жұмысында болатын. Биылдан бастап аға вагон қараушы. Оның түсірген бейнеролигі технологиялық үнді бойынша вагондарға техникалық күтім жасауда вагон қараушылардың вагонды қалай қарау керектігі және қандай позицияда қай бөлшектер қаралып, жөнделетінін көрсетеді. Бұл жұмыстағы өте қажетті процесстердің бірі саналады, – деп сипаттама берді бірінші орын алған әріптесі туралы Сай-Өтес станциясындағы вагондарға техникалық қызмет көрсету пунктіндегі нұсқаушысы Манарбек Жаңбырбаев.

Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау
Суретті түсірген автор

ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

Осы жылдың 15 қазаны мен 15 қараша аралығында Шымкент жүк тасымалы бөлімшесінде парк кезекшісі, орталықтандыру бекетінің операторы, вагон қараушысы, локомотив бригадасының машинистері арасында «Кәсібі бойынша үздік» байқауы өтіп, бірқатар теміржолшының мерейін үстем етті.

Байқаудың мақсаты – техникалық оқуды тиімді жүргізу және сапаны жоғарылату, жұмысшылардың білім деңгейін көтеру, тосын жағдайлар туындаған кезде жұмысшылардың әрекетін тексеру, нормативтік актілерді білетін, өз жұмысына кәсібилікпен қатар жаңадан шығармашылық шешім қоса білген жұмысшыны анықтау. Конкурсқа парк бойынша кезекшілер, Арыс, Шымкент, Қазығұрт, Сарыағаш, Түркістан, Түлкібас станцияларының орталықтандыру бекетінің операторлары қатысты.

Конкурс екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде конкурсанттарды дауыс беру арқылы анықтады. Дауыс беру аяқталған соң жинаған дауыстар санына қарай есептеу жүргізіліп, конкурсқа 9 адам жіберілді.

Байқаудың екінші кезеңі еліміздегі коронавирус инфекциясына байланысты қабылданған ескертүүлере орай жұмыс үстеліндегі жабықталған веб-камера мен микрофон, дыбыс зорайтқыш арқылы Link-те өткізілді.

Жарыстың екінші кезеңіне өткен операторларға «Мен парк бойынша кезекшімін» және «Парк кезекшісінің өмірінен бір күн» атты видеоролик ұсынылды. Бұдан кейін «Блиц-сауалнама», «Сурет бойынша жауабын тап» атты жарыстар ұсынылды.

Конкурстың қорытындысы бойынша ең жақсы нәтижелерді Сарыағаш станциясының парк кезекшісі Ж.Тұрлыбеков пен Шымкент станциясының пост операторы Шолпан Омарова көрсетті. Ал Арыс локомотив пайдалану депосында да (ТЧ-32) үздік машинисті анықтайтын байқау өткізілді. Іріктеуден өткен 11 машинистке қозғалыс қауіпсіздігі мен апат, оқиқ жағдайларда қандай шешім қабылдау керектігі, авариялық ситуациядан шығу жолдары туралы сұрақтар қойылды. Машинистер арасынан сұрылып шығып топ жарған К.Байменов бірінші орын, екінші орынды машинист Р.Бердібаев, үшінші орынды М.Базарбаев иеленді.

Түркістан локомотив пайдалану депосында (ТЧ-33) қатысушыларға мобильді қосымша арқылы онлайн дауыс берілді. Мұнда қатысушыларға «Машинист – қозғалыс қауіпсіздігінің кепілі», «Тепловоз машинистің бір күні» атты видеороликтер дайындалды және «Блиц-сауалнамадан» өтті. Бұл конкурстан 1-орынды машинист С.Ибасаров, 2-орынды Б.Қайқыбаев алды.

Арыс вагон пайдалану депосында (ВЧДЭ-30) «Үздік вагон қараушы» байқауының екінші кезеңіне 6 адам өтті. Байқаудың екінші кезеңі Қазығұрт станциясындағы ағыту-жөндеу аумағында өткізілді. Бірінші сайыста «Жүк вагондарын техникалық қарау» бойынша аз уақыт ішінде көп техникалық ақау тапқан адам жеңсе, екінші сайыс «іс жүзінде көрсету» сайысында аз уақыт ішінде ағыту құралын шашып-жинау, үшінші теориялық сұрақтардан мүдірмей өту болды. Байқаудың қорытындысы бойынша 1-орынды Сарыағаш ПТО вагон қараушысы Н.Мүминов, 2-орынды Түркістан ПТО вагон қараушысы Қ.Сатыбалдиев, 3-орынды Арыс ПТО вагон қараушысы М.Байжігітов иеленді.

Барлық жеңімпаздарға алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар табыс етілді. Конкурс өз кезегінде санитарлық-дезинфекциялық режимде өткізілді. «Кәсібі бойынша үздік» байқауының қорытындысы селекторлық, планерлық жиында толықтай баян етілді.

Жаная СЫДЫҚБАЙ, Шымкент

СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

ТӨРТ БАҒЫТҚА ТАРМАҚТАЛҒАН...

Қызылорда жүк тасымалының солтүстігіндегі Сексеуіл бекеті жұмыс санатына қарай төрт бағытта жүк жөнелтуге бейімделген өндірістік станция саналады. Бірнеше ауысыммен жұмыс жасайтын теміржолшылар өздерінің кәсіби міндеттеріне әбден дағдыланған.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Сексеуіл

Соның нәтижесі – сексеуілдік теміржолшылар маневрлік және пойыздық, өндірістік жұмыс барысында пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін бұзылуына жол бермей, биылғы жылды табысты қорытындылауға жақын. Қараша айында 82 вагонға жүк тиеу межесін 96 вагонға жеткізіп, жоспарды 117 пайызға асыра орындады. Ал 1618 тонна жүк түсіру жоспарын 1622 тоннаға жеткізіп, межені 100,9 пайызға орындады. Басқа да негізгі өндірістік жұмыс көрсеткіштері түгел

жоспардан асыра орындалуда. Бұл жайында бекет басшысының орынбасары Абдулхамит Тұрмантаев ұсынған мәліметтерде де көрсетіліпті. Маман ұсынған мағлұматтар сексеуілдік теміржолшылардың жұмысы жоспарға сай, тығғылықты екенін дәлелдейді.

– Біздің станция қараша айында 361 пойызға 18368 вагон тіркесе, он бір ай ішінде 3746 пойызға 201228 вагон тіркеп, бекетке аялдаған жүк пойыздарына қатысты жұмыстарды толық атқарды. Станциядан жөнелтілетін жүк пойыздарын төрт бағытқа сай құжаттарын рәсімдейтін ма-

мандар жөнелту құжаттарын қазіргі сандық жүйеге сәйкес атқарып рәсімдеуде. Және де аймақтағы санитарлық ахуалға байланысты сақтық шаралары қатаң сақталып жұмыс жасалуда, – дейді Сексеуіл станциясы бастығының орынбасары Абдулхамит Тұрмантаев.

Сексеуіл станциясы теміржолшылары орта есеппен әр ай сайын 300-ден аса жүк пойыздарын қабылдап, оларға қатысты құжаттарды рәсімдейді. Вагондарды бағытқа сай құрамнан ағытып, оларды жаңадан қайта құрастырып, Арыс, Бейнеу, Шалқар және Жезқазған бағыттарына жөнелтеді. Жылдың қай мезгілі болмасын тоғыз жолдың торабы дерлік станцияда жұмыс бір тынбай, күні-түні қайнап жатады, ал теміржолшылар соның үдесінен шығып, өз кәсіптерін ұршықтай үйіріп отыр.

– Жалпы біздің станция теміржолшыларының бәрі – өз кәсібін жете меңгерген, білікті де тәжірибелі мамандар.



Олардың қатарында пойыз құрастырушы Азамат Иманғазиевті, тауар кассири Күләм Кабулованы, техкенсе маманы Күміс Ұзақбаеваны, станция кезекшілері Ибадулла Бәйменов пен Асылбек Есмамбетовті, парк кезекшісі Сермағанбет Талдықбаевты ерекше атап өтер едім. Бұл осы станцияның «отымен кіріп, күлімен шығып» дегендей тер төгіп жүрген кәсіби мамандарға көрсетілген құрмет болмақ,

– деді станция бастығының орынбасары. Сексеуіл бекеті теміржолшыларының берекелі тірлігі бөлімше мен компания басшылығы бекіткен өндірістік тапсырмаларын мінсіз орындауға ықпал жасауда. Ұжымды өндірістік жұмысты шебер ұйымдастырушы, бірнеше мәрте саланың үздік басшысы атанған тәжірибелі теміржолшы Бауыржан Баянов басқарады.

Суретті түсірген автор

К 90-ЛЕТИЮ ТУРКСИБА

ЛЕГЕНДАРНОЙ СТРОЙКЕ БЕЗ ДЕСЯТИ СТО

Окончание. Начало на 1 стр.
– Сегодня кажется невероятным, что тогда люди почти вручную сумели в кратчайший срок построить легендарный Турксиб. Это более 1,4 тысячи километров рельсовой колеи через безводные степи и пустынные пески, горные реки и скалистые хребты. Сейчас молодому поколению нужно знать историю Турксиба, знать о подвиге его создателей. Славные традиции строителей Турксиба должны быть продолжены современной молодежью, – отметил он.

Тогда тысячи людей, пришедших на строительство дороги, обучились грамоте, приобрели технические специальности путейцев, машинистов, механиков, связистов. Многие в итоге стали родоначальниками целых династий железнодорожников.

В разные годы о Турксибе было снято и сложено немало фильмов, стихотворений, но и в наше время есть неравнодушные люди, для которых эта дорога не просто слова, а частичка их собственной жизни. Сотрудники Алматинского отделения грузовых перевозок при поддержке известного акына сочинили стихи о Турксибе, положили их на музыку, и данная видеозапись также стала украшением международной конференции.

Кроме того, в честь празднования 90-летия легендарной стройки АО «НК «Қазақстан темір жолы» выпустило наградный знак «ТУРКСІБ 90». Им награждены порядка 1 000 человек, в числе которых ветераны и специалисты железнодорожной отрасли Казахстана, внесшие особый вклад в развитие железной дороги Казахстана.

– Несмотря на пандемию, железнодорожники достойно отметили юбилей насыщенной программой мероприятий. Были проведены виртуальная выставка с использованием уникальных архив-

ных фотографий «Что такое Турксиб?», конкурс детских рисунков «Турксиб глазами детей», фотоконкурсы, интеллектуальные викторины, спортивные мероприятия и другое. Знаковым событием юбилейного года стало переименование станции Луговая в Турксиб. Выпущена марка, посвященная Турксибу, – говорит главный инженер АО «НК «ҚТЖ» Батыр Котырев.

Как оказалось, славную историю Турксиба знают многие. Так, участники и зрители приняли активное участие в праздничной викторине, которая состоялась во время конференции и касалась именно истории строительства великой магистрали.

Отмечено во время конференции и то, что на протяжении многих десятилетий неразрывная связь объединяет железнодорожников стран постсоветского пространства. И одним из главных звеньев этой цепи стал Турксиб. Это подчеркнул в своем выступлении президент некоммерческого партнерства «Объединение производителей железнодорожной техники» Российской Федерации Валентин Гапанович.

– Это поистине общий праздник для всех. Ведь вся страна оказывала Турксибу помощь в строительстве. Из Москвы, Ленинграда, Харькова и других промышленных центров СССР на стройку ехали квалифицированные рабочие: бетонщики, арматурщики, связисты, укладчики. Сюда была направлена большая группа опытных инженеров и техников. Железная дорога – это живой организм, который постоянно развивается. Турксиб – не исключение. Надеюсь, что 100-летие Турксиба мы отметим офлайн, и к этому времени увидим дальнейшее его преобразование, – сказал заслуженный ветеран железнодорожной отрасли, прошедший путь от дежурного по парку станции Павлодар-Южный до министра транспорта

Республики Казахстан, заместитель председателя объединения юридических лиц «Союз транспортных и логистических организаций и ассоциаций «KAZLOGISTICS» Юрий Лавриненко.

В свою очередь, главный инженер АО «НК «ҚТЖ» Батыр Котырев отметил немалую роль в деле сохранения прошлого как источника гордости, которая незримо несет нас сквозь время, изучении истории отечественных железных дорог, лучших традиций железнодорожников на основе принципа преемственности поколений – отраслевые музеи.

Об одном из них, расположенном в центральном аппарате компании, рассказала менеджер департамента технической политики и регулирования АО «НК «ҚТЖ» Гульнар Дабысқызы.

– В настоящее время в музеях станций Жамбыл, Алматы, Семей хранятся немые свидетели эпохи строительства Турксиба – уникальные экспонаты и артефакты, бережно собранные работниками музеев, – поведала она во время онлайн-экскурсии по музею.

Участники конференции также отметили, что Турксиб – это не просто стальная магистраль. Это полноценное становление на территории Казахстана новой железнодорожной отрасли – базовой основы развития экономики и промышленной мощи республики. Эту мысль в своем флешмобе донес и коллектив железнодорожного вокзального комплекса «Астана – Нұрлы жол».

